

DEXP

Пайдаланушы нұсқаулығы

Блендер DEXP GL-1800



Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты



Блендер тамақты ұсақтауға, эмульсияларды, езбелерді дайындауға, сусындарды, мусстарды және т. б. шайқауға арналған.

Сақтық шаралары

1. Құрылғыны қалыпты қоршаған орта температурасында ғана сақтаңыз және жұмыс жасаңыз. Құрылғыны -20 °C... +60 °C аралығындағы температурада сақтаған жөн.
2. Құрылғыны іске қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті жерге тұйықталған электр желісінің кернеуіне дәл сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
3. Сулы қолдарыңызбен құрылғының сымын ұстамаңыз.
4. Бұл құрылғыны судың көзінің және қыздыру элементтерінің жанында қолдануға болмайды.
5. Тоқтан жарақат алуға жол бермеу үшін құрылғыны өзіңіз бөлшектеп ашпаңыз.
6. Бұл құрылғы тек күнделікті тұрмыстық өмірде қолдануға арналған. Аспапты да оның жиынтықтамаларын да тек қана мақсатына сәйкес пайдаланыңыз.
7. Аспапты өткір заттардың, қырнауыш қосылыстардың және оны зақымдауы мүмкін басқа заттардың әсерінен қорғаңыз.
8. Бұл құрылғыны балаларға және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдарға, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа жандардың бақылауынсыз пайдалануға болмайды.
9. Тегін кепілдікті қызмет алу құқығынан айырылмау үшін құрылғымен тек өзінің керек-жарақтарын пайдаланыңыз.
10. Аспап жұмыс істеп тұрған кезде ыдысты ашуға болмайды.
11. Аспапты пайдаланғаннан кейін, сондай-ақ оны тазалау кезінде әрқашан құрылғыны өшіріңіз. Тазаламас бұрын оны суытыңыз. Шабатын блогын қолданған кезде абай болыңыз, әсіресе оны бұрандалы біліктен алып тастағанда және тазалау кезінде. Кесетін жүздері өте өткір!
12. Құрылғыны сымынан тартуға және көтеруге болмайды; оны майыстырмаңыз және онымен құрылғыны орамаңыз.
13. Электр тогының соғуын болдырмау үшін құлағаннан кейін, аспаптың немесе электр қуаттау сымының көзге көрінетін зақымдануы болған кезде құрылғыны пайдаланбаңыз. Құрылғыны өкілетті сервистік орталыққа апарыңыз.

Құрылғының сұлбасы


1. Өлшегіш ыдысы.
2. Қақпақ.
3. Блендердің ыдысы.
4. Жүздер.
5. Нығыздауыш сақина.
6. Ыдыстың негізі.
7. Басқару панелі.
8. Құрылғының корпусы.
9. Жылдамдықты реттегіш.
10. Кіріктірілген бағдарламаларды таңдау батырмасы (Ice crush/Мұзды шағу, Interval/Интервал, Smoothie/Смузи).
11. Импульстік режим батырмасы.



Ескертулер

1. Блендер ыдысының бүлінуіне жол бермеу үшін қолданылатын сұйықтықтың температурасы +40 °C аспауы керек.
2. Құрылғыдағы қозғалмалы механизмдеріне қол тигізбеңіз.
3. Сұйықтықтармен жұмыс жасағанда өлшегіш ыдыс әрқашан да жабық болуы тиіс. Ыдысты тасымалдағанда абай болыңыз, арнаулы тұтқасынан ұстаңыз.
4. Аспап жұмыс істеп тұрған кезде блендердің ыдысын ажыратаңыз.
5. Егер блендердің жүздері ақаулы немесе майысқан болса, онда құрылғыны пайдалануға болмайды. Жүздермен жұмыс жасағанда асқан сақтықты сақтаңыз.
6. Блендердің ыдысын асыра толтырмаңыз.
7. Құрылғыны қолданар алдында әрқашан блендер ыдысын қақпақпен жабыңыз.
8. Аспапты ешқашан да сұйықтық құймастан немесе бос ыдысымен пайдалануға болмайды. Судың 3 бөлігіне жемістердің 2 бөлігін пайдаланған дұрыс.

Құрастыру бойынша нұсқаулық



1. Нығыздауыш сақинаны кесу блогына салыңыз, содан кейін оны ыдыстың түбіне салыңыз да, бекітіңіз.
2. Құрылымды блендер ыдысына бұраңыз, содан кейін негізді сұлбасында көрсетілген бағытқа бұрып, жалғасқан қосылымды бекітіңіз.
3. Ингредиенттерді ыдысқа орнықтырыңыз.
4. Өлшегішті ыдыс қақпағына орнатыңыз және негізді сұлбасында көрсетілген бағытқа бұрап, қосылымын бекітіңіз.
5. Ыдысты блендердің корпусына орнықтырыңыз.

Пайдалану нұсқаулығы

1. Жылдамдықты реттегіш.
 - Бұрамасы «0» позициясында тұрған кезде құрылғы өшірулі болады.
 - Жылдамдық реттегіші «Program/Бағдарлама» белгісінде болған кезде, құрылғы күту режимінде тұрған болады.
 - Жылдамдықты реттегішті қажетті деңгейге бұрау арқылы құрылғының жылдамдығын ауыстырыңыз. «MIN» белгісі минималды жұмыс жылдамдығын білдіреді, ал «MAX» белгісі - максималды жылдамдық.
2. Импульстік режим батырмасы.
 - Жылдамдық реттегішін «Program/Бағдарлама» белгісіне қойыңыз да, содан кейін құрылғыны максималды қуатта жұмыс істеу үшін импульстік режим түймесін басып тұрыңыз.
3. Кіріктірілген бағдарламалар батырмалары (Ice crush/Мұзды шағы, Interval/Интервал, Smoothie/Смузи).
 - Жылдамдық реттегішін «Program/Бағдарлама» белгісіне ауыстырып бұраңыз, содан кейін тиісті бағдарламаны таңдау түймесін басу арқылы қажетті бағдарламаны таңдаңыз. Таңдалған режимді өшіру және құрылғыны күту режиміне өту үшін батырмасын қайтадан басыңыз. Басқа режимге өту үшін басқа бағдарлама батырмасын басыңыз.

Маңызды ақпарат

1. Құрылғы блендер ыдысынсыз жұмыс істемейді немесе егер блендер ыдысы мотор блогына еркін салынбаса істемейді.
Ыдысты салыңыз, жылдамдық реттегішін «0» күйіне ауыстырыңыз, содан кейін құрылғыны қайтадан қолдана бастаңыз.
2. Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы ұсақталған массаның көлемінен асып кетсе, қызып кетпес үшін құрылғы автоматты түрде күту режиміне ауысады. Ұнтақталған масса көлемін азайтып, құрылғыны жарты сағаттай суытыңыз. Егер жарық шамы жұмыс істеп тұрса және құрылғы әлі басталмаса-тағы 10-20 минут күтіңіз.
Аспаптың ұсынылатын үздіксіз жұмыс уақыты — 2 минут.
3. Өте қатты немесе өте үлкен өнімдерді ұнтақтау кезінде шамадан тыс жүктеме қорғанысы іске қосылады: пышақ құлыпталады, құрылғы жұмысын тоқтатады. Құрылғыны өшіріңіз, өте қатты немесе өте үлкен бөліктерді алып тастаңыз, құрылғыны қайта қосыңыз.

Тазалау және күтім жасау

1. Құрылғының толығымен өшірілгеніне көз жеткізіңіз, қуат реттегіші «0» белгісінде, құрылғы желіден ажыратылған.
2. Блендердің ыдысын жуыңыз. Химиялық реагенттерді және қырнауыштарды қолдануға болмайды.
3. Мотор блогын құрғақ шүберекпен тазалап шығыңыз.
Ешқашан дымқыл шүберекті пайдаланбаңыз, мотор блогын ағынды судың астына қоймаңыз.

4. Егер жұмыс кезінде қалыпты шу немесе шамадан тыс діріл байқалса, құрылғыны желіден дереу ажыратып, өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз. **Электр тоғымен зақымдануды болдырмау үшін аспапты өз бетіңізбен ашып бөлшектеуге тырыспаңыз.**

Сақтау

1. Құрылғыны құрғақ және балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз.
2. Пайдаланып болған соң құрылғыны мұқият сүртіңіз.

Техникалық сипаттамалар

- Моделі: GL-1800.
- Кернеу: 220-240 В.
- Жиілігі: 50 Гц.
- Қуаты: 1800 Вт.
- Блендер ыдысының көлемі: 1,8 л.
- Өлшеу ыдысының көлемі: 85 мл.
- Жоғары жылдамдықтағы режим: 22000 об/мин.
- Шуыл деңгейі: < 85 дБ.
- Импульстік режим.
- 3 жұмыс режимі.
- Блендердің шыны ыдысы.
- Қолданылу аясы: тұрмыстық.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5°C бастап 40°C дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Тұрғын-жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цзянмынь Юйвэйчан Электрикал Эпплайнс Инд. Ко., Лтд.
Синьчан өнеркәсіптік паркі, Пэнцзян ауданы, Цзянмынь қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Аспаптың жиынтықтамасы алдын ала хабардарланбай өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы:

www.dexn.club



www.dexp.club